



## Саланың еселенер мүмкіндігі

Президенттің шешімі еліміздегі ғылым мен білім саласын дамытуда орасан зор маңызға ие. Қашан да ғылым адамзат өркениетін алға жетелейді. Жаһандық мәселелердің оң шешілуі, қоғамдағы зор жетістіктер және адам баласына жаңа технологиялар арқылы жайлы өмір сыйлау осы ғылымның көмегімен жүзеге асын келеді. Сондықтан академияны бюджеттен қаржыландыру ғылыми зерттеулердің тұрақты дамуына кепілдік береді және оның сапасын да арттырады.

Академияның тікелей ел Президенті жанында болуы ресурстарды тиімді пайдалануға және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ технологиялық ізденістердің ғылыми жаңалықтарға ұласуын жеделдетіп, табысты нәтижелерге жол бастайды деп сенеміз.

Ұлттық ғылым академиясына жаңа мәртебе беру – елімізді өркениеттің көш басындағы әлем мемлекеттерінің қатарына қосады. Сондықтан бұл саланы мемлекет өз қамқордығына алуы сөзсіз елімізді биікке шарықтатудың маңызды қадамы деп түсінеміз. Академия жасанды интеллект, биотехнология, ақпараттық технология, экология, энергетика және адам өмірінің сапасын жақсарту

бағытында үлкен әлеуетке ие. Ендігі жерде отандық ғалымдар зерттеу жұмыстарының қарқынын үдетіп, түбегейлі ғылымға бет бұруға мүмкіндік алады.

Отандық ғылым шежіресінде академия соны ізденістер мен жаңа технологиялық салаларда маңызды жетістіктерге қол жеткізді. Сол үшін де ол бүгінгі таңда Қазақстан мен одан тысқарыдағы ең беделді ғылыми мекеменің бірі болып саналады. Ал ғылыми ұйым қабырғасындағы академиктер өз салаларының жетекші еарапшылары болып келеді. Осы күнде отандық ғалымдар климаттың өзгеруі, медициналық зерттеулер, жаңа материалдар мен технологиялар әзірлеу және жаңа шәкірттер тәрбиелеу мәселесінде жемісті еңбек етіп

жүр. Академияның басты міндеттерінің бірі – жас ғалымдар мен ғылыми зерттеулерге қолдау көрсету. Соның өзі елде ғылымның өркен жаюына, қолайлы орта қалыптастыруға жол ашады. Әрі басқа мемлекеттермен ғылыми байланыстар орнатып, қарым-қатынастарды күшейтуге ықпалын тигізеді.

Жалпы алғанда, Ұлттық ғылым академиясының жаңа мәртебесі ғылымды жоғары сатыға көтерудің жаңа мүмкіндігі. Мұнымен қоса ғұмырын ғылымға арнаған ғалымдардың қоғамдағы рөлін арттырады. Сонымен бірге еліміздегі ғылыми зерттеулер деңгейін жаңа белеске шығаруға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етуге тиіс. Сондай-ақ бұл шешім «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жарқын мысалы болып саналады.

**Дария ҚОЖАМЖАРОВА,**  
М.Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
университетінің басқарма  
төрағасы-ректоры,  
академик